

1. «АЭЖБУ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ ТҰҢҒЫШ РЕКТОРЫ Ғ.Ж. ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АТАУЛЫ БІЛІМ ГРАНТЫ

1. «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ (бұдан әрі – АЭЖБУ) Тұңғыш ректоры Ғ.Ж.Дәукеев атындағы атаулы білім гранты АЭЖБУ конкурстық комиссиясы жүргізетін конкурс негізінде оқу шығынын толық қайтарумен оқитын күндізгі бөлім студентіне бір оқу жылына беріледі.

«АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж. Дәукеев атындағы атаулы білім грантын беру конкурсына АЭЖБУ-де бірінші курсты ойдағыдай аяқтаған, АЭЖБУ-де екінші курста оқитын, АЭЖБУ екінші курс студенттері арасында жоғары GPA рейтингісі бар студенттер қатыса алады.

«АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж. Дәукеев атындағы атаулы білім грантын тағайындау кезінде келесілер артықшылыққа ие болады:

- 1) жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 2) бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;
- 3) университеттің, факультеттің, топтың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын және/немесе қызметтің әртүрлі (ғылыми, спорт, шығармашылық т.б.) бағыттары бойынша халықаралық, республикалық, аймақтық конкурстардың, жарыстардың жеңімпазы болып табылатын студенттер.

2. «АЭЖБУ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ ТҰҢҒЫШ РЕКТОРЫ Ғ.Ж. ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АТАУЛЫ ШӘКІРТАҚЫ

1. «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж. Дәукеев атындағы атаулы шәкіртақы АЭЖБУ конкурстық комиссиясы жүргізетін конкурс негізінде оқу шығынын толық қайтарумен оқитын күндізгі бөлім студентіне бір оқу жылына беріледі.

«АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж. Дәукеев атындағы атаулы шәкіртақыны беру конкурсына АЭЖБУ-да үшінші курсты ойдағыдай аяқтаған, АЭЖБУ-де төртінші курста оқитын, АЭЖБУ төртінші курс студенттері арасында оқудың барлық кезеңінде жоғары GPA рейтингісі бар студенттер қатыса алады.

«АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж. Дәукеев атындағы атаулы шәкіртақыны тағайындау кезінде келесілер артықшылыққа ие болады:

- 1) жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 2) бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;

3) университеттің, факультеттің, топтың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын және/немесе қызметтің әртүрлі (ғылыми, спорт, шығармашылық т.б.) бағыттары бойынша халықаралық, республикалық, аймақтық конкурстардың, жарыстардың жеңімпазы болып табылатын студенттер.

2. «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж. Дәукеев атындағы АЭЖБУ атаулы білім грантын және атаулы шәкіртақыны тағайындау бойынша конкурстық комиссия (бұдан әрі – Конкурстық комиссия) құрамы сәйкесті оқу жылына ректордың бұйрығымен тағайындалады.

3. Конкурсты өткізу үшін институт директорлары Конкурстық комиссияға келесі құжаттарды ұсынады:

1. институт студентіне дәлелді негіздеме;
2. институтта оқитын студенттің транскрипті;
3. студенттің АЭЖБУ-ің күндізгі бөлімінде оқитыны туралы анықтама;
4. студенттің шығындарды толық қайтарумен оқитыны туралы шарттың деканат растаған көшірмесі;
5. оқу шығынын толық қайтарумен оқитын студенттердің факультет ГРА бойынша тізімі.

6. түпнұсқамен сәйкестігі тексерілген және институт директорларының қолы қойылып, мөрі басылған әлеуметтік жағдайы мен әлеуметтік жеңілдіктерін растайтын құжаттардың көшірмесі;

7. белгіленген тәртіпке сәйкес куәландырылған олимпиада, конференция, бұқаралық-мәдени және спорттық шараларға студенттің қатысқандығын растайтын дипломдар, сертификаттар және басқа құжаттар көшірмесі.

4. Конкурстық комиссия ұсынылған құжаттар негізінде ашық дауыс беру жолымен «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж.Дәукеев атындағы атаулы білім гранты мен атаулы шәкіртақысын тағайындауға және АЭЖБУ Ғылыми кеңесінде бекіту үшін үміткерлер тізімін дайындайды.

5. «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж. Дәукеев атындағы білім гранты мен атаулы шәкіртақыны қаржыландыру шығындары университеттің өз қаржысы есебінен жүргізіледі.

6. «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж. Дәукеев атындағы білім грантын қаржыландыру көлемі сәйкесті оқу жылында АЭЖБУ сәйкесті мамандығы бойынша студенттің оқу шығынын қайтару құнына тең.

7. «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ Тұңғыш ректоры Ғ.Ж. Дәукеев атындағы атаулы шәкіртақы 25 АЕК-ті құрайды.

АҚ
проректоры

Келісілді:
АМД директоры



С.Коньшин

Р. Мухамеджанова